



АТҮРАҰ



ӨЗ ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ЖӘНЕ МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН

САЙЛАУ

Облыстық қоғамдық-саяси газет

№12 (20 721) 14 АҚПАН, 2023 ЖЫЛ, СЕЙСЕНБІ

www.atr.kz

Атырау газеті

atyrau_gazeti@mail.ru

@Atyrau_gazeti

// Жаңа жоба

Балық болса, табыс болады

АТЫРАУ ОБЛЫСЫН ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУДЫҢ 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫНА БАЛЫҚ ӨСІРУ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫН ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМУҒА ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН БЕРУ ТУРАЛЫ ІС-ШАРАЛАР ЕНГІЗІЛГЕН.

Кешенді жоспарда облыста 9 балық өсіру жобасы, оның ішінде Құрманғазы ауданында 7 тоған шаруашылығы, балық өсіру шаруашылығы және балық цехын салу іске асырылатындығы айтылған. Соның нәтижесінде балық өсіру көлемі 2025 жылға қарай 10 тоннадан 7 мың тоннаға, балық экспорттау көлемі 9 мыңнан 13 мың тоннаға артады, 300 жаңа жұмыс орны құрылып, тауарлық балық өткізуден түсетін салық көлемі 5,2 млрд. теңгеге дейін ұлғаяды делінген.

Облыстық балық шаруашылығы басқармасының басшысы Артур Сәдібекұлының сөзінше, 2021-2022 жылдары тауарлы балық шаруашылығын жүргізу үшін Атырау қаласы, Дамба ауылынан «Caspian Эко-Тур» ЖШС-не 64 га., «Тілекші» ЖШС-не 22,47 га., Махамбет ауданы, Талдықөл ауылынан «А-Дана» ш/к-на 0,6 га., Құрманғазы ауданы, Көптоғай ауылынан «СевКаспийФиш» ЖШС-не 950 га., жер телімдері берілген. Сондай-ақ, балық қабылдау орны, су кемелерінің тұрағы үшін Құрманғазы ауданы, Кудряшов ауылы, Қиғаш өзенінің жағалауынан «Каспий-Балық» ЖШС-не 2 га., «Сарсенбаев Ержан» ш/к-на 0,5 га., жер телімдері қолданыстағы заңнамаға сәйкес берілген.

Облыстағы балық шаруашылығын одан әрі өркендету үшін бірқатар жүйелі шаралар қабылданады деп мәлімдеді.

// Энергетика

Энергия тапшылығы жойыла ма?



МАҚАТ АУДАНЫНДА ЖЕЛДІҢ КҮШІМЕН ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРЕТІН СТАНСАНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖЫЛ АЯҒЫНА ДЕЙІН ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ. ОСЫДАН 2 ЖЫЛ БҰРЫН БАСТАЛҒАН ЖОБА ҚАЗІР МӨРЕГЕ ТАЯП ҚАЛДЫ. ЖЫЛДЫҢ 7-8 АЙЫНДА ТОЛАССЫЗ ҚЫЗЫЛ ЖЕЛ ЕСЕТІН ӨҢІРДЕН ЖАҢА ҚУАТ КӨЗІН ӨНДІРУ АРҚЫЛЫ АУДАН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТҰРҒЫДАН ТАЗА, ШЫҒЫНЫ АЗ ЭНЕРГИЯ КӨЗІН ТАПТЫ. САҒАТЫНА 48 МЫҢ КИЛОВАТТ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРЕ АЛАТЫН 24 ЖЕЛ ГЕНЕРАТОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА АЯҚТАЛАДЫ. БҰҒАН ДЕЙІН ИСАТАЙ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ «МАНАШ» ЕЛДІМЕКЕНІ МАҢАЙЫНАН 36 МЕГАВТ САҒАТ ҚУАТ ӨНДІРЕТІН ОСЫНДАЙ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСҚАН ЕДІ. ЕНДІ МІНЕ, МАҚАТ АУДАНЫНДА ЖЕЛ ЭЛЕКТР СТАНСАСЫ БОЙ КӨТЕРДІ. ҚАЗІР 500 ГЕКТАРДАН АСТАМ АУМАҚҚА 24 ЖЕЛ ГЕНЕРАТОРЫНЫҢ ҚАДАСЫ ҚАҒЫЛЫП, ҚАҢҒАЛАҚТАРЫ ОРНАТЫЛА БАСТАДЫ.

// Кейіпкер

Трактор рулінде ...әкім отыр



ӨЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ ДАМБЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ ҰЗАҚБАЙ БАЙЗУЛЛИННІҢ ТРАКТОРМЕН ҚАР КҮРЕП ЖАТҚАН ВИДЕОСЫ ТАРАП ЖАТЫР. ОСЫҒАН ОРАЙ, БІЗ ОНЫҢ ПІКІРІН БІЛГЕН ЕДІК.

Бейнежазбадан аталған округ басшысының трактор тізгінін өзі қолға алып, қар күреп жатқанын көруге болады.

– Мен тракторист емеспін, бірақ көлік жүргізушісі мамандығын менгергенмін. 1980 жылдан бері көлік тізгіндеп келемін. 1949 жылы туған ағам Бисенбай Байзуллин Амангелді атындағы колхоздың маңдайалды тракторшысы, әрі көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшесі, домбырашы, сал сері болған. Мектеп қабырғасында 3-4 сыныпта оқып жүргенімде ол өзінің тракторын үйдің алдына әкеліп қоятын. Сол кезден техникаға қызығушылығым оянды, – деді ол.

Қалаға қар жауған күні Ұзақбай Шораұлы тракторды өзі тізгіндеп, күні бойы ауыл көшелерін қардан күрегенін айтады.

«Алдымен трактор жүргізушісінен қарды қалай күреу қажеттігін сұрап алдым. Түсінген соң рульге өзім отырдым. Менің ойымша, әр азамат ел басына күн туғанда етігімен су кешуге де дайын болуы керек. Сол сияқты, мен де сындарлы ештеңе қол күсірдің қарап отыра алмаймын» деді ауыл әкімі.

қоғамның мемлекеттік қызметшілерінің институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс.

Қоғам мемлекеттік қызметшілер өз міндеттері мен функцияларын заңдарға сәйкес барлық адал ниетімен құзыретті және тиімді түрде орындайды деп есептейді.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебіне жоғары талаптар қояды.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі мынадай қағидаттарға негізделеді:

адал ниеттілік – қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету;

адалдық – өз міндеттеріне шынайы көзқарас; **әділдік** – жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың ықпалына қарамастан заңды шешім қабылдау және кез-келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілік себебінен адамдарды кемсітуге жол бермеу;

ашықтық – жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсету және өз іс-қимылының ашықтығын қамтамасыз ету; **сынайылық** – азаматтар мен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау;

клиентке бағдарлану – мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұраныстарына толықтай бағдарлай отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және жолданымдарды қарау кезінде төрешілік көріністеріне және әуре-сарсаңға салуға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау.

Мемлекеттік қызметшілерге мынадай талаптар қойылады:

– қарапайым болу, жалғыз бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтау, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

– мемлекет мүдделеріне және азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерге қарсы тұру;

– заңда белгіленген шектеулерді сақтау, мүдделер қықтығысын болдырмау;

– азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дөрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмау;

келмесе, жариялауға рұқсат етілмеген ақпаратты ашатын болса және мемлекеттің лауазымды адамдарының, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепсіз сөздерді қамтитын болса, көпшілік алдында білдіруге тиіс.

Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметшілер пікірталастарды мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірместен, дұрыс нысанда жүргізуге тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, кішіпейілділік танытуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға және қоғамдық имандылыққа қолсұғумен ұштасқан қоғамға қарсы мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге тиіс.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Атырау облысы бойынша департаменті қызметкерлері арасында үнемі Әдеп жөніндегі уәкілімен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша оқыту семинарлары, сонымен қатар қызметкерлерге жеке консультативтік көмек, Департамент басшылығы мен қызметкерлері арасында ашық диалог жүргізу мақсатында «галстуксыз кездесу» ұйымдастырылып отырылады. Қазіргі таңда Департамент қызметкерлері арасында Әдеп кодексіне қайшы келетін теріс қылықтармен тіркелген қызметкерлер сонымен қатар, азаматтардың немесе мемлекеттік қызметшілердің тарапынан құқықтарды қалпына келтіруге қатысты өтініштер болған жоқ.

А.ЕСЖАНОВА,

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Атырау облысы бойынша департаментінің Әдеп жөніндегі уәкілі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Теңізшевройл» ЖШС 2023-2024 жылдарға арналған экологиялық әсер бойынша рұқсатты жаңарту туралы өтініш құрамындағы Мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған жобалық материалдарды қарау бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылдың 29 наурызында сағат 11.00-де, Құлсары к., Махамбет даңғылы, 37 (Мәдениет үйі) мекен-жайы бойынша және онлайн форматта (ZOOM арқылы) өтеді.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us02web.zoom.us/j/88212627741?pwd=K05DditKam05dXlHR0tjTFY1NDY0dz09>

Идентификатор: 882 1262 7741

Кіру коды: 670846

Шара бастамашысы:

«Теңізшевройл» ЖШС - бас кеңсе, 060011, Атырау к., Сәтбаев к-сі, 3

Тел.: +7 712 302 60 00

Факс: +7 712 302 67 52

БСН: 930440000929

Мемлекеттік экологиялық сараптама нысандарының құжаттамасын әзірлеушілердің реквизиттері мен байланыс деректері:

«SED» ЖШС, Алматы к., Наурызбай ауданы, Дархан с/о, 4А, БСН: 040840002110, тел.: +7 7272 47 23 23, факс: +7 727 338-23-74, www.sed.kz, sed@sed.kz

«K Каспий инженеринг» ЖШС: Атырау к., Құлманов к-сі, 23, БСН 071240013727, тел. +7 7122 31 8636, www.kcaspien.kz, Mukhamed-Elit.Utarov@kvcaspian.kz

«КМГП» ЖШС: Атырау к., Әбілқайыр хан даңғ., 97, БСН: 010840001533, тел. +7 7122 30 9120, www.kmgrp.kz, kmgrp@kmgrp.kz

«Engineering Services Provider» ЖШС: Атырау к., Адмирал Лев Владимировский к-сі, 26В, БСН: 060940000062, тел. +7 7122 76 3861, www.esp-group.kz, a.amangaliyev@esp-group.kz

«КМГ инженеринг»: Атырау к., Елорда даңғ., 10, БСН: 180541015056, тел. +7 7122 30 5404, факс: +7 7122 30 5400, kmgen.kz, lp.caspimunaigas@lpemg.kz

«Wood KSS» АҚ: Атырау к., Қаныш Сәтбаев к-сі, 46, БСН: 070640004748, тел.: +7 7122 90 9800, +7 7122 90 9000, www.kazstroy-service.com, Alexandr.Ugay@woodplc.com

«Атырау City» ЖШС: Атырау к., Сары Арқа мөлтек ауданы, 33-62, БСН: 050740003454, тел. +7 7122 97 0889, +7 7122 97 0998, факс +7 7122 27 1837, www.atyrau-city.kz, info@atyaucity.com

«Каспиймұнайгаз» ҒЖЗИ АҚ: Атырау к., Абай к-сі, 5, БСН:011040002347, тел.:+7 7122 99 2804, факс +7 7122 99 2882, www.nipi-cmg.kz, kaspimunaigaz@cmg.kz

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы»КЕАҚ агрохимиялық, топырақ зерттеу және кешенді іздестіру жұмысы департаменті: Алматы к., Алмалы ауданы, Абай даңғ., 111, БСН 180541001958, тел.: +7 727 375 6908, kikbayevadi@gmail.com, kionpck@mail.ru

Мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылатын жобалардың материалдары бар құжаттама Бірыңғай экологиялық порталда <https://ecoportal.kz> және жергілікті атқарушы мекеменің ресми интернет-ресурсында www.gov.kz жарияланады.

Төмендегі электрондық мекен-жай мен телефон нөмірі арқылы қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ Мемлекеттік экологиялық сараптама материалдарына жататын құжаттардың көшірмелерін сұратуға болады:

Валева Лязат Унирбекқызы
Телефон: +7 712 302 15 06, +7 771 809 22 02
Электрондық пошта: LYAB@tengizchevroil.com

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша ескертулеріңіз бен ұсыныстарыңызды жазбаша немесе электронды түрде мына мекен-жайға жіберуге болады: Атырау қаласы, Өйтеке би көшесі, 77, atr.priroda@atyrau.gov.kz

«Ауған асуында от кешкендер!»

ҚАСИЕТ ДАРЫП ҚҰТ ҚОНҒАН, АТЫРАУ ЖЕРІНЕН НӨР АЛҒАН, ТЕКПІ РУХТЫ БАБАЛАРДЫҢ ҚАНЫНАН ЖАРАЛҒАН АЛАШТЫҢ ҚАЙСАР ҰЛ-ҚЫЗЫ ҰЛЫ ДАЛАМЫЗДЫ ҚАШАҢДА ЖЕРГЕ ҚАРАТПАҒАН. 1979-1989 ЖЫЛДАРЫ АУҒАНЫСТАҢДАҒЫ ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫҚ БОРЫШЫН ӨТЕП ҚАЙТҚАН 680 АТЫРАУЛЫҚ АРДАГЕРДІҢ ЕРЕН ЕРЛІКТЕРІ МЕН ҰРЫС ДАЛАСЫНДА ҚЫРШЫН КЕТКЕН 13 БОЗДАҚ ПЕН ХАБАРСЫЗ КЕТКЕН ЖАЛҒЫЗ ЖАУЫНГЕРІМІЗДІ ЕСІМІЗДЕН ШЫҒАРҒАН ЕМЕСПІЗ.

Табиғаты тылсым, болмысы бөтен елдің таулы шатқалдарында, бұйратты белдері мен қыратты қышлақтарында соғыс өнерін меңгеріп, мемлекеттік маңызы бар жауынгерлік талай тапсырманы бұлжытпай орындаған сан мыңдаған сарбаздың қаһарман ерліктері еш ұмытылмайды. Ұрыс даласында жараланған жауынгерлердің жарасын таңып, әскери госпитальдарда ем жасаған аруларымыз тек тән жарасын емдеп қана қоймай, «ата-анамен аман қауышсам» деген сарбаздардың жан жарасын жаза білді.

Ауғандағы соғыстың салдарынан қаншама ата-ана бауыр еті баласынан айырылса,

махаббатын орамалына түйген қаракөздер ғашықтарымен қайта қауыша алмады. Кей шаңырақ «құлым ертең келеді» деп әр таңдарын үкілі үмітпен ат тырып келді. Қалай бағаласақ та соғыстың қасіреті мен тақсіретін өтеудің өлшемі бола қоймас.

Уақыт емші дегендей тән жарасы да, жан жарасы да жазылар. Ақтандақ ақиқаттар мен шынайы шындықтар ұмытылмас.

Аға буын ауған ардагерлерінің батыл

істері мен батыр ерліктері жастарымызды мәңгілік елдің мақсат-мұраттары жолында намысын қайрап, ұлы істерде рухтандырады.

Қазіргі таңда Ауған соғысының ардагерлері ырысы мен ынтымағы жарасқан, ұлы-ұлты дос пейілмен қарасқан Ұлы даламыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлестерін қосып келеді. Бәрі халық қалаулысы, депутат, бірі кәсібін ашқан ірі кәсіпкер, бірі ұлағатты ұстаз, бірі ақ халатты дәрігер қай-қасысы да қарапайым еңбектен бақытын тапқан ерендер!

Сіздердің бейбіт күндегі берекелі істеріңіз өрге басып, ерліктеріңіз жастарға өнеге болсын!

Халқымыздың бейбітшілігі, игілігі мен биік мұраты, жарқын болашағы үшін атқарған ауған соғысы ардагерлерінің еңбектері ешқашан ұмытылмайды!

Г.МҰХТАРОВА,

Атырау қаласы қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген басқарма бастығының көмекшісі (әскери патриоттық және қарулы күштер ардагерлерімен жұмыс бойынша)

Жарнама байланыс
телефоны:
45-85-67

/// Алғыс білдіреміз!

Мейірімділік шуағын шашайық

АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ ЖШС «ГРУППА КЗ» КОМПАНИЯСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫСПЕН ЖҰМЫС ЖАСАЙТЫН «РАДУГА» БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫНА ДЕМЕУШІЛІК КӨМЕК КӨРСЕТТІ.



Балабақша бүлдіршіндеріне жаңа үлгідегі интерактивтік тақта, интеллектуалдық дамытушы ойыншықтар, сюжеттік ойындар, бейінді дамытушы орталықтар, көп функциональды құрастыру құралдары, самалдық әткеншектер, секіртпе доптар, үрмелі шарлар, топ бөлмелеріне, дәліздерге кілемдер,

